

Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 24 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 ақпанда № 2878 болып тіркелді

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 25.11.2014 N 312 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 42 бабына, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 30 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14-3) тармақшасына және 2 тармағына сәйкес Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған адамдар үшін қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: аумақтарды абаттандыру және жинау.

2. Шар қаласы, кенттер және ауылдық округтер әкімдері «Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Жарма ауданының № 1 және № 2 қылмыстық-атқару инспекциясы» мемлекеттік мекемелерімен келісу бойынша қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін сотқа тоқсан сайын ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Жарма ауданы әкімінің орынбасары С.М. Брынзовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі Келісілді: Шығыс Қазақстан облысы бойынша	Т. Қасымжанов
---	---------------

Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Жарма ауданы № 1 қылмыстық-атқару инспекциясы бөлімшесінің бастығы	Қ. Мұсанов
25 қаңтар	2013 жыл

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті Жарма ауданы № 2 қылмыстық-атқару инспекциясы бөлімшесінің инспекторы	Р. Абдулгазинов
25 қаңтар	2013 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК